



FTAMP 16.21.61

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-152-3-169-184>

## Бала тілінің дамуына теледидар мен гаджеттердің әсері: әлеуметтік зерттеу

Л.Ә. Ибраймова<sup>1</sup>, Б. Молдағали<sup>2</sup>, Н.Т. Данаева<sup>\*3</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>[lira.ibraymova@mail.ru](mailto:lira.ibraymova@mail.ru), <sup>2</sup>[bahados\\_@mail.ru](mailto:bahados_@mail.ru), <sup>3</sup>[ndanaeva777@gmail.com](mailto:ndanaeva777@gmail.com)\*)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада теледидардың балалардың тілдік дамуына әсері қарастырылады және телебағдарламаларда кездесетін тілдің кемшіліктері талданады. Негізгі мәселелерді анықтау мақсатында авторлар Қазақстанның барлық өңірлерін қамтитын кең көлемді сауалнама жүргізіп, оның нәтижелеріне талдау жасады. Респонденттердің жауаптарына сүйене отырып, зерттеу барысында тіл дамуындағы басты қиындықтар анықталып, ғылыми көзқарастарға негізделген қорытындылар жасалды. Сауалнама барысында балаларға арналған телебағдарламалардың балалар тілінің дамуына ықпалы, қазақ тілінде сөйлеу деңгейі, медиа тілі мен тілдік нормалардың сәйкестігі, балалар сөйлеуіндегі жиі кездесетін тілдік ауытқулар мен экран алдында өткізілетін уақыт көлемі қарастырылды. Зерттеу нәтижелері теледидар мен интернет медианың ықпалында өсіп келе жатқан жас ұрпақтың арасында тілдік нормаларды сақтау мен қазақ тілінде еркін сөйлей алатын тұлға тәрбиелеуге бағытталған тетіктерді жетілдіру қажеттігін көрсетті. Сауалнамаға барлығы 622 адам қатысты. Жиналған деректерге жүргізілген социолингвистикалық талдау балалар тіліндегі лексикалық ауытқулардың динамикасын саралауға мүмкіндік берді. Әр түрлі демографиялық және географиялық аймақтарды қамтыған бұл зерттеу, әсіресе теледидарға тәуелділік секілді әлеуметтік факторлардың тілдегі лексикалық өзгерістерге қалай әсер ететінін көрсетті. Қазақ тілінің (ана тілінің) негізін қалыптастыруда ата-ананың шешуші рөл атқаратыны, сондай-ақ балалардың тіл нормасына сай сөйлеуіне қоршаған ортаның, әсіресе теледидардың ықпалы айқындалды. Сауалнама қазақ тілінде жүргізілді және ашық жауап нысанын қамтыды. Деректер үш ай көлемінде жиналды. Мақалада теледидар мен гаджеттердің балалар тілінің дамуына әсері талданып, мәдени-тілдік бағыттағы қоғамдық бастамаларды іске асыруға арналған ұсыныстар берілген.

**Түйін сөздер:** теледидар, телебағдарлама, тілдік норма, тілдік ауытқу, балалар тілі, көптілділік.

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 23.08.2025; Онлайн қолжетімді: 30. 09.2025

## Кіріспе

Бұқаралық ақпарат құралдарының ерте жастағы балалардың тілдік дамуына ықпалы – соңғы жүз жылға жуық уақыт бойы ғылыми зерттеулердің өзегіне айналған тақырып. Уақыт өте келе бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ. Балалар тілі мен медианың өзара байланысын алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – Л.С. Выготский [1]. Ол когнитивтік дамуда әлеуметтік және мәдени факторлардың маңыздылығына назар аударған. «Ойлау және сөйлеу» атты еңбегінде тілдің меңгерілуі қоршаған ортамен өзара әрекет арқылы қалыптасатынын дәлелдеген [1].

Батыс ғалымдарының ішінде балаларға арналған телебағдарламалардың тілдік және психологиялық әсерін кешенді түрде зерттеген алғашқы мамандардың бірі – Сьюзен Нойман [2]. Ол теледидар мазмұнының, қарқыны мен аудиовизуалды элементтерінің баланың дамуына және оқу қызығушылығына қалай әсер ететінін зерделеп, сондай-ақ үстірт әрі тым жылдам қарқынмен берілетін мазмұнның ықтимал зияндылығына да тоқталды. Нойман балалардың сөздік қорын қалыптастыру мен мектепке даярлығы арасында теледидар арқылы байланыс бар екенін анықтады.

Экрандық медианың сәбилер мен бөбектерге әсері бүгінде де алаңдаушылық туғызып отыр. Балаларға арналған медиа өнімдер алғаш пайда болған кезде Андерсон мен Эванс секілді зерттеушілер телебағдарламалардың бала жасына бейімделу деңгейіне қарай ықпалы өзгертетінін ұсынған болатын [3].

Малайзияда жүргізілген зерттеу теледидардың балалар дамуына, соның ішінде тілдік дамуына да әсер ететінін растады. Ата-аналардың көпшілігі теледидар тілдік дағдыны жақсартады деп есептегенімен, бұл сенім балалардың экран алдында өткізетін уақытын қысқартуға түрткі болмаған [4]. Шын мәнінде, малайзиялық балалардың экран уақыты Америка Педиатрия Академиясының (Susheel Joginder Singh, Fatin Nur Syakirah Mohd Azman және басқалар) ұсынымынан асып кеткен.

Қытайдың Гуандун қаласында 579 бес жастағы баланы қамтыған стратификацияланған зерттеу қытай балаларының экран алдында өткізетін уақыты мен олардың когнитивтік және әлеуметтік даму деңгейінің арасындағы байланысты зерттеді. Нақтырақ айтқанда, зерттеу балалардың белсенді және енжар экран уақыты мен олардың сөздік қоры, математика дағдылары, атқарушы функциялары, жаратылыстану білімі және әлеуметтік дағдылары арасындағы байланысты анықтауға бағытталған. Нәтижесінде, енжар экран уақыты қытай балабақша тәрбиеленушілерінің математика, жаратылыстану, атқарушы функциялар мен әлеуметтік дағдыларына теріс әсер ететіні белгілі болды. Керісінше, белсенді экран уақыты олардың қабылдау тілін (рецептивті тіл) дамыту мен жаратылыстану білімін арттыруға оң ықпал еткені байқалды. Сонымен қатар, зерттеу қытай балаларының экран уақыты да Америка Педиатрия Академиясының ұсыныстарынан асып түсетінін көрсетті. Ер балалар, ауылдық жерлердегі балалар және жалғыз бала болып өскендер экран уақытының теріс әсеріне аса бейім екені анықталды. Зерттеу саяси және практикалық ұсынымдарды қарастырумен аяқталады [5].

Балаларға арналған телебағдарламалардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу – лингвистика, психолингвистика және медиа зерттеулерінің тоғысындағы күрделі ғылыми

мәселе. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі зерттеушілердің жұмыстары теледидардың балалар тілінің дамуына елеулі ықпал ететінін растайды. Алайда бұл ықпал бағдарламалар мазмұнының сапасына, тілдік құрылымына және тақырыптық бағыттылығына тікелей байланысты. Сондықтан қазақтілді балаларға арналған медиа контент әзірлеуде осы ғылыми негіздерді ескеру аса маңызды.

Өткен ғасырда британдық зерттеуші Дэвид Бекингем өзінің «Балалар және теледидар» атты еңбегінде балалардың телебағдарламаларды қалай қабылдайтынын және олардың психологиялық, әлеуметтік дамуына, сондай-ақ медиаға бейімделуіне қалай әсер ететінін жан-жақты талдады [6, 38]. Бекингемнің зерттеуінде теледидар мен интернеттің білім беру және когнитивтік үдерістерге ықпалы ерекше атап өтілген. Сондықтан ол бұқаралық медианы тек ойын-сауық құралы ретінде қарастырумен шектелмей, оны білім беру мен дамытушы құрал ретінде де пайдалану қажет екенін алға тартты. Зерттеуші балалардың медиа контентпен сыни тұрғыдан жұмыс істеуінің маңыздылығын атап көрсетті.

Балаларға арналған телебағдарламалардағы тілдік бірліктерді зерттеу – қазіргі білім беру мен медиа саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл тақырыпты зерттеген ғалымдардың басым көпшілігі телебағдарламалардағы тілдік құрылымдардың балалардың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына әсерін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда, телебағдарламалардағы сюжеттік желі, кейіпкерлер арасындағы диалогтар мен визуалды элементтердің баланың тілдік дамуына ықпалына талдау жүргізілген. Мысалы, В.П. Зинченко мультфильмдердегі тілдік және баяндау элементтері танымдық үдерістерді ынталандыруда маңызды рөл атқаратынын атап өткен [7]. Ал Мелани Киллен (2013) медиа мазмұнның әлеуметтік әсерлерін зерттей отырып, сапасыз немесе стереотипке толы контенттің балалардың дүниетанымына кері әсер ететінін алға тартқан [8].

Қазақстандық зерттеушілер де балаларға арналған телебағдарламалардың маңызын ұлттық тілдік ерекшеліктер мен мәдени контексті ескере отырып зерттеуде. Мәселен, З. Ахметжанова қазақтілді балалар телебағдарламаларындағы лексикалық ерекшеліктерді зерделеп, олардың ұлттық дүниетаным мен когнитивтік дамуға ықпалын зерттеген [9, 18]. Ал Бибігүл Ысқақова қазақ тіліндегі анимациялық фильмдердің мазмұны мен тіл сапасын жетілдіру қажеттігін атап өтті [10, 62]. Ол көркем тіл мен танымдық элементтердің үйлесімі балалардың сөздік қорын байытуға ықпал ететінін дәлелдеген.

Телебағдарламалар баяндау құрылымы арқылы балалардың зерттеушілік белсенділігін арттыратын орта ретінде қызмет ете алады. Себебі интерактивтілік пен визуалды ақпарат баланың есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауын дамытуда шешуші рөл атқарады. Басқаша айтқанда, телебағдарламалар – мәдени кодтар мен ұлттық құндылықтарды танудың, сондай-ақ визуалды және вербалды элементтердің өзара байланысын танудың маңызды құралы. Мұндай бағдарламалардың мазмұны балалардың мәдени әрі когнитивтік көкжиегін кеңейте алады. Алайда мазмұн сапасы төмен болған жағдайда, оның теріс әсер ету ықтималдығы да жоғарылайды.

Жас балалардың қиялы өте белсенді болатындықтан, телебағдарламалардағы ұлттық құндылықтар ерекше маңызға ие. Баланың когнитивтік дамуы ақпаратты өңдеу

кезінде қолданылатын тілдік құрылымдардың анықтығы мен мағыналылығына тығыз байланысты. Сондықтан баяндау барысында қолданылатын тілдік бірліктер баланың жас ерекшелігіне сай және әдеби тіл нормаларына сәйкес келуі тиіс. Әсіресе телебағдарламалардағы тіл айқын, қарапайым әрі диалогтық сипатта болуы қажет [11]. Алайда қазіргі уақытта кейбір телебағдарламалар тиісті сараптаудан өтпей, эфирге жіберіліп жатады. Мұндай салғырттық телебағдарламаларда әдеби тілге жат, бейстандарт сөздердің қолданылуына және морфофонологиялық, лексикалық, дискурстық ауытқулардың орын алуына алып келеді.

Осыған орай, бұл зерттеу телебағдарламалардың балалар тілінің дамуына әсерін айқындауға, ондағы тілдік ауытқуларды саралауға, балалар тілінде кездесетін кемшіліктерді анықтауға және телебағдарламалар тіліндегі негізгі проблемаларды зерделеуге бағытталған. Балаларға арналған телебағдарламаларда әдеби тіл нормаларынан ауытқу байқалғандықтан, олар балалардың тілдік дамуына кері әсер етуі мүмкін деген зерттеудің болжамы жасалды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Бала тілінің дамуы өмірінің ең алғашқы кезеңдерінен бастау алады. «Бастапқыда нәрестенің сөйлеуі ересектердің тіліне ұқсамайды. Кейде олар үлкендер қолданбайтын сөздерді де айтады» [12, 44]. Бала тілінің дамуы сөйлеу және есту мүшелерінің қызметімен, сондай-ақ танымдық және қабылдау қабілеттерімен тығыз байланысты. Қазіргі технологиялық дамыған заманда балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруде теледидар мен интернеттің рөлі айқын көріне бастады. Балалар көретін ертегілер, мультфильмдер, ойындар мен түрлі бағдарламалар олардың сөйлеу тілін қалыпқа келтіруге зор үлес қосады. Әсіресе телебағдарламалар сөздік қорды молайту, дұрыс дыбыстауды меңгеру, мәнерлі әрі мәдениетті сөйлеуді қалыптастыру, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға баулу секілді сөйлеу дағдыларын дамытуда таптырмас құрал ретінде қарастырылады.

Балаларға арналған телебағдарламаларда кездесетін тілдік ауытқулар мен нормадан тыс қолданыстарды түзету – әрі маңызды, әрі күрделі мәселе. Бұл жөнінде Р.С. Сыздықова былай дейді: «Тілдік норма дегеніміз – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасқан және жазба мен ауызша тілде орныққан, тілдік құралдарды дұрыс қолданудың жалпыға бірдей қабылданған ережелері. Олар сөздің мағынасы мен қолданысы, сөйлем құрылымы, сөз тудыру, айтылуы мен жазылуы сияқты тілдік амал-тәсілдерді дұрыс қолдану нормаларын қамтиды» [13]. Егер осы нормалар сақталса, тілдік қателер мен ауытқулар орын алмайды.

С.Ш. Тахан мен А.К. Хусаинованың «Медиа кеңістіктің жаһандануы жағдайында Қазақстандағы медиа сауаттылықтың даму тенденциялары» атты мақалаларында Астана қаласындағы жалпы білім беретін бір мектептің оқушыларының медиасауаттылық деңгейін анықтау үшін 9-11 сынып оқушылары арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған [27, 33]. Зерттеу нәтижелері қазіргі біздің қоғам мүшелерінің медиасауаттылығынан хабар береді. Осыған ұқсас біздің мақаламызда Қазақстандағы

ата-аналар арасында онлайн сауалнама жүргізілді. Зерттеу стратегиясы кешенді тәсілге негізделіп, келесі зерттеу түрлерін қамтыды:

– Сипаттамалық зерттеу: зерттеу тобы сауалнама сұрақтарын әзірлеу үшін өзекті мәселелерді анықтады;

– Корреляциялық зерттеу: сауалнама сұрақтары екі негізгі топқа бөлінді: 1) балалардың теледидар көру дағдылары; 2) телебағдарламалар тілінің балалардың сөйлеу тілінің дамуына әсері.

– Эксперименттік зерттеу: зерттеудің соңғы кезеңінде тілдік ауытқулар анықталып, оларды болдырмаудың әдістері ұсынылған тәжірибе жүргізілді.

Зерттеу кезеңдері:

– Сауалнама сұрақтарын іріктеу және нақтылау;

– Қазақстанның барлық өңірлерін қамту;

– 1 жастан 16 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналарды таңдау;

– Теледидардың баланың жалпы дамуына әсерін анықтау;

– Балалар тілінің дамуына телебағдарламалардың ықпалын талдау;

– Тілдік ауытқуларды (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және т.б.) анықтау және олардың себептерін зерттеу.

Респонденттер. Сауалнамаға Қазақстанның барлық өңірінен ата-аналар қатысты. Респонденттердің 1 жастан 16 жасқа дейінгі балаларының болуы басты шарт ретінде қарастырылды. Ұлтына қарамастан, Қазақстан Республикасының 18 бен 65 жас аралығындағы кез келген азаматы сауалнамаға қатысуға құқылы болды. Бұл зерттеу Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Зерттеу этикасы комитетінен этикалық мақұлдаудан өтті.

Зерттеу барысы. Деректер 2024 жылдың қазанынан желтоқсан айына дейін әлеуметтік желілер арқылы онлайн форматта жиналды.

Зерттеу құралы ретінде әлеуметтік сауалнама алынды. Сауалнаманың демографиялық бөлімінде респонденттердің жасы, ұлты, жынысы және тұрғылықты өңірі жайлы сұрақтар қойылды. Сонымен қатар, келесі сұрақтар ұсынылды:

– «Сіздің балаңыздың/немереңіздің жасы қаншада?»

– «Балаңыз/немереңіз көретін мультфильмдер мен бағдарламаларды кім таңдайды?»

– «Балаңыз немесе немереңіз күніне қанша сағат теледидар көреді немесе телефон пайдаланады?»

– «Балаңыз/немереңіз қандай мультфильмдер мен бағдарламаларды көреді?»

– Нәтиженің дәлдігін қамтамасыз ету үшін жауаптар «күнделікті қолдану» өлшем бірлігімен бағаланды [14].

Әлемдік зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, балалардың көпшілігі теледидарды күніне кемінде бір рет көреді, ал орташа экран уақыты – 44-тен 64 минутқа дейін [15]. Сонымен қатар, мобильді сенсорлы құрылғыларды қолдану үлесі жылдан жылға артып келеді. 2013 жылы АҚШ-та екі жасқа дейінгі балалардың 6%-ы күн сайын мобильді құрылғыны орта есеппен 2 минут пайдаланған [16].

Экран уақытындағы мұндай өсім ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, Vandewater және әріптестері жүргізген зерттеу барысында

балалардың ата-анасымен сөйлесуге жұмсайтын уақыты теледидар көруге кеткен уақыттан аз болғаны анықталған [17].

Сауалнаманың екінші бөлімінде телебағдарламалардың балалар тілінің дамуына әсері зерделенді. Зерттеу экран уақыты мен тілдік даму арасындағы байланыстың біржақты емес екенін көрсетті. Мысалы, 8 айдан 36 айға дейінгі нәрестелердің тіліне орыс тілінің элементтері жиі енетіні байқалды.

Балалардың тілдік дамуы олардың күн сайын еститін сөздер санына тығыз байланысты. Осы орайда телебағдарламалардағы тілдік орта олардың тіл меңгеру деңгейіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады [18]. Сауалнама нәтижелерінің толық талдауы келесі бөлімде ұсынылады.

### **Нәтижелер мен талдау**

Респонденттердің демографиялық сипаттамасы. Сауалнаманы Қазақстан бойынша барлығы 622 адам толықтай аяқтады. Оның ішінде алғашқы сауалнама нұсқасын 407 адам, ал екінші нұсқасын 215 респондент толтырды.

Бірінші нұсқа балалар жиі көретін бағдарламалардың тілін, оларды кім таңдайтынын және күнделікті қандай мультфильмдер мен бағдарламалар көретінін анықтауға бағытталған. Респонденттердің жасы 18 бен 65 жас аралығында болды.

Қатысушылардың басым бөлігі әйелдер және қазақ ұлтының өкілдері болды. Нақтырақ айтқанда, респонденттердің: 0,5%-ы өзбектер, 0,1%-ы қырғыздар, 0,2%-ы ұйғырлар екенін көрсеткен.

Жыныстық құрам бойынша: 98% – әйелдер, 2% – ерлер құрады.

Корреляциялық зерттеулер нәтижелері

1-корреляциялық зерттеу

Барлық ата-аналар балаларының теледидар мен смартфон арқылы түрлі мультфильмдер мен бағдарламаларды көретінін растады. Тек аз ғана бөлігі ноутбук немесе сенсорлы планшеттерді қолданатынын атап өтті. Балалардың шамамен 99%-ы осы құрылғылардың бірін күнделікті ойын-сауық құралы ретінде пайдаланатыны байқалды. Тек 1% ғана «мүлде көрмейді» деп жауап берді.

Теледидар мен мобильді құрылғыларға баланың тәуелділігін анықтау мақсатында иерархиялық регрессиялық талдау жүргізілді. Барлық регрессиялық модельдерде медиа құралдарына қолжетімділігі мен үйдегі құрылғылар санына қарай бағаланды. Нәтижесінде теледидар, гаджет, ноутбук, планшет, компьютер секілді құрылғылар саны көп үй шаруашылықтарында балалардың экран алдында өткізетін уақыты ұзағырақ екені анықталды. Бұл жағдай технологиялық құралдарға тәуелділіктің жоғары екенін көрсетеді.

Балалардың теледидар мен сенсорлы құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалануы олардың психологиялық дамуына да әсер етеді. Сондықтан экран уақытын шектеу маңызды. Мәселен, АҚШ пен Ұлыбританияда жүргізілген зерттеулер медиа тұтыну мәдениетінде ұлттық айырмашылықтар бар екенін анықтаған [19].

Қазақстанда балаларға арналған бағдарламалардың мазмұны олардың жас ерекшеліктеріне ішінара бейімделгенімен, экран уақытын шектеу бойынша заңнамалық немесе ресми талаптар жоқ. Бұл ата-ананың өз шешіміне тәуелді.

## 2-корреляциялық зерттеу

Сауалнаманың тілге қатысты бөлімінде респонденттердің 93%-ы үйде тек қазақ тілінде сөйлейтінін көрсетті. Қалған 7% қазақ тілін өзге тілдермен араластырып қолданатынын айтқан. Алайда балалардың тек қазақша сөйлеу деңгейі ата-аналардың тілдік тәжірибесіне толық сәйкес келмейді.

«Балаңыз/немереңіз көретін бағдарламалар қай тілде?» деген сұраққа берілген жауаптар мынадай үш санатқа бөлінді:

1. Тек қазақ тілінде
2. Негізінен орыс тілінде, кейде қазақ тілінде
3. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде

Жиілік бойынша: 28,4% – тек қазақ тілінде көреді; 23,7% – көбіне орыс, кейде қазақ тілінде; 47,9% – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

Бұл көрсеткіштер тіпті қазақ тілі басым қолданылатын отбасылардың өзінде де балалар арасында ағылшын тіліндегі контентке сұраныстың жоғары екенін байқатады.

Орыс тіліндегі сөздерді араластыру.

«Балаңыз/немереңіз сөйлеу барысында қандай орыс сөздерін араластырады?» деген ашық сұраққа берілген жауаптар мынадай топтарға жіктелді:

1. Орыс сөздері бар жауаптар (мысалы: потом, давай, привет, ну, типа)
2. Тек қазақша сөйлейді деген жауаптар
3. Аралас қолдану туралы жауаптар
4. Қосымша/белгісіз жауаптар
5. Қысқа сөз тіркестерімен жауап беру (да, нет, нормально, mixed words)

Нәтиже бойынша:

36% – бала орыс сөздерін жиі қолданады

24% – тек қазақ тілінде сөйлейді

28% – аралас тілде сөйлейді

8% – нақты сөздерсіз немесе қосымша сипаттағы жауаптар

Ағылшын тіліндегі сөздерді араластыру

Балалардың 65%-ы сөйлеу барысында орыс және ағылшын сөздерін араластыратыны байқалды. Қалған 35% – тек қазақша сөйлейді немесе бөтен тілдердегі сөздерді қолданбайды. Ата-аналар келесі ағылшын сөздерінің жиі қолданылатынын атап өтті: OK, Yes, No, Beautiful, Thank you, Hello, Bye-bye, My God, Play, Game, What?, Where?, Very good және т.б. Ағылшын тіліндегі түстер мен сандарға қатысты сөздерді де жиі қолданатыны айтылған.

«Балаңыз бұл сөздерді қайдан үйренді деп ойлайсыз?» деген сұраққа:

60%-дан астамы – смартфондар мен мобильді қосымшалардан

Қалғандары – теледидар, мультфильмдер, бағдарламалар

Шағын бөлігі – мектеп пен оқулықтардан

Қазақ тіліндегі қате айтылатын сөздер

«Балаңыз/немереңіз қандай қазақ сөздерін бұрмалап айтады?» деген сұраққа берілген жауаптар 4 топқа бөлінді:

1. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлейді – ешбір бұрмалау жоқ
2. Грамматикалық жалғауларды қате қолданады – мысалы: менімше (дұрысы: меніңше), үйімге (дұрысы: үйге), жұмысымға (дұрысы: жұмысқа)
3. Қазақша мен орысшаны араластырады – мысалы: по-моему орнына меніңше
4. Сөйлем құрылымын бұзады – сөз тәртібі мен синтаксистік құрылымды сақтамау

Жалпы, балалардың көпшілігі қазақ тілінде дұрыс сөйлесе де, кейбіреулерінде грамматикалық жалғауларда және сөйлем құрылымында ауытқулар кездеседі. Мұндай қателер баланың даму кезеңінде табиғи құбылыс болғанымен, уақыт өте қалыптыға айналып кетпеуі үшін ата-ана тарапынан дұрыс үлгі көрсету маңызды.

Сөйлеу құрылымы мен сөз байланысы

«Сөйлеу кезінде балаңыз сөздерді орынды және дұрыс байланыстыра ала ма?» деген сұраққа жауаптар:

«Иә» – 60%

«Жоқ» – 10%

«Әрине» – 6%

«Кейде дұрыс айтпайды» – 3%

«Қазақша сөйлегенде сөз байланыстыруда қиналады» – 2%

«Байланыстырады» – 4%

«Басқа» – 2%

Көпшілік «Иә» деп жауап бергенімен, қалған жауаптар балалар арасында қазақша сөйлеуде сөз тіркестері мен сөйлем құрауда қиындықтар бар екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі балалардың сөйлеуінде ең жиі кездесетін мәселе – орыс және ағылшын сөздерін араластыру екендігін көрсетті. Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тіліне қарамастан, бұл жағдай әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты туындап отыр.

Тіл үстемдігі ұғымы – тек Қазақстанға тән құбылыс емес. Бұрынғы кезеңдерде латын тілі, кейін неміс және француз тілдері үстемдік етсе, қазіргі кезде ғылым мен технология саласында ағылшын тілі жаһандық мәртебеге ие болды [20]. Ал орыс тілі посткеңестік кеңістікте ұзақ уақыт бойы үстем рөлге ие болып келді [21, 145]. Бұл лингвистикалық үстемдік балалар тілінің дамуында да өз ізін қалдырған.

### **Талқылау және негізгі тұжырымдар**

Балалардың тіл дамуына әсер ететін көптеген факторлар жақсы зерттелген. Мысалы, бұрынғы зерттеулерде қыз балалардың тілдік қабілеттері ұл балаларға қарағанда ертерек дамидыны анықталған [22, 180]. Біздің зерттеуімізде респонденттердің жынысына мән беріліп, талдау жұмыстары ішінде айнымалы ретінде қарастырылмағандықтан, бұл мәселе қозғалған жоқ. Оның орнына балалардың экран алдында өткізетін уақыты мен теледидар бағдарламаларының әсерін зерттеген бұрынғы еңбектерге сүйене отырып, біз қазақстандық ата-аналардың пікірлерін талдауға назар аудардық.

Зерттеудің негізгі мақсаты – балаларға арналған телебағдарламаларда кездесетін тілдік кемшіліктер мен ауытқуларды анықтау және олардың баланың тіл дамуына теріс әсер ететінін дәлелдеу. Нәтижесінде біз бірнеше маңызды мәселені анықтадық:

1. Балалар бағдарламаларында тілдік нормаларды сақтау – басты талап.

Балаларға арналған телебағдарламалар мазмұнында орфография, пунктуация, грамматикалық құрылымдар мен сөйлеу нормаларына қатаң мән беру қажет. Сонымен қатар, тілдерді араластырудан аулақ болу маңызды. Себебі балалар тілдік заңдылықтарды ең алдымен есту арқылы меңгереді. Сондықтан бағдарламалар сценарийіндегі сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуы аса маңызды.

Р.С. Сыздықтың айтуынша: «Адам өз ойын ауызша да, жазбаша да білдіре алады; орфография, яғни жазу ережелері дұрыс жазудың заңдарын белгілейді. Дұрыс жазудың басты мақсаты – айтылатын ойды жазба түрде нақты әрі түсінікті жеткізу. Жазу – жалпылық сипатқа ие болғандықтан, оның ережелері де ортақ әрі тұрақты болуы қажет» [23, 23-24 б.]. Осыған байланысты жазбаша мәтіндер орфографиялық, алауызша мәтіндер орфоэпиялық нормаларға сай болуы тиіс. Балалар бағдарламаларында қолданылатын тіл – олардың сөздік қорын, түсіну қабілетін және сөйлеу дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады. Сондықтан мұндай бағдарламаларда орфография мен грамматикалық құрылымның дұрыс сақталуы баланың тек сөйлеу тілін ғана емес, сонымен бірге жазу дағдысын дамытуда маңызды рөл атқарады.

2. Ата-аналар балаларының көретін медиаконтенттер мазмұнын бақылап, шектеу қоймайды.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер телебағдарламалар, бұқаралық ақпарат құралдары мен балалардың сөйлеу тілінің дамуы арасындағы күрделі өзара байланысты жан-жақты айқындап отыр. Ғылыми деректер телебағдарламалардың тілдік дағдыларға ықпалы біркелкі еместігін көрсетеді. Ол көретін бағдарламаның мазмұнына, әлеуметтік-мәдени контекстіне, баланың гаджет пен теледидарды қолдану деңгейіне тәуелді.

Атап айтқанда, Jing және әріптестері жүргізген мета-талдау экрандық медиа әсері мен балалардың сөздік қорының дамуы арасында орташа деңгейдегі оң байланыс бар екенін анықтады [24]. Бұл әсер әсіресе білім беру мақсатында әзірленген медиаконтентте (мысалы, электронды кітаптар) айқын байқалды. Ал табиғи немесе көңіл көтеру сипатындағы медиаконтенттің ықпалы тұрақты нәтижелер бермеген.

Осылайша, теледидар бағдарламаларының тілдік даму үдерісіндегі рөлі мазмұн сапасына және оны пайдалану шарттарына байланысты өзгеріп отырады. Бұл мәселе тілдік қорды тиімді қолданудың маңыздылығын айқындайды. Осы тұжырымдарды Қытайда жүргізілген эмпирикалық зерттеу де толықтыра түседі. Ху бастаған зерттеушілер жүргізген эксперимент нәтижелері енжар экран уақытының математикалық жетістіктерге, атқарушылық функцияларға және әлеуметтік дағдыларға теріс әсер ететінін, ал белсенді экран уақыты қабылдаушы тілдік қабілеттер мен ғылыми білімге оң ықпал ететінін көрсетті [25].

Қазіргі деректер теледидар бағдарламаларының әсері оның мазмұндық және функционалдық ерекшеліктеріне тікелей тәуелді екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде гаджеттерді мақсатты және саналы түрде қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Біздің зерттеуімізде ата-аналардың балаларымен күнделікті қарым-қатынас уақыты өте шектеулі екені байқалды. Соның салдарынан балалар теледидар, әлеуметтік желілер мен смартфон қосымшаларын ата-анасының бақылауынсыз тұтынады. Кейбір ата-

аналар үйде қазақ тілін қолдануға мән бергенімен, баласының қандай бағдарламалар көріп жүргенін үнемі қадағаламайды. Нәтижесінде, ана тіліне шала, сөздік қоры шектеулі ұрпақ өсіп келе жатыр. Тіпті кейбір ата-аналар балалардың тілдерді араластырып сөйлеуін қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Бұл құбылыс – тек әлеуметтік-мәдени ортадағы өзгерістердің ғана емес, сонымен қатар тіл – ұлттық болмыстың өзегін құрайтын құндылық екенін дәріптейтін идеологиялық жұмыстардың жеткіліксіздігінің салдары.

3. Тілдік нормадан ауытқуға себепші болатын кең ауқымды әлеуметтік және мәдени факторлар.

Қоғамдағы кейбір шешімін таппаған мәселелер де балалардың тілдік дамуындағы ауытқуларға әсер етіп отыр. Олардың қатарында – жаһандану ықпалы, интернет пен бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің орнының әлсіздігі, әдеби тілдің сақталуына байланысты жұмыстардың жеткіліксіздігі, қазақ тілді мазмұнның шектеулі болуы және отбасылық тәрбие арқылы ана тілінің құндылығын жеткізе алмау секілді факторлар бар. Бұл кедергілер тіл саясаты мен мәдени мұраны сақтау бағытындағы білім беру бастамаларының тиімді жүзеге асуына кедергі келтіреді.

Осы орайда, балаларға арналған телебағдарламалар тәрбиелік және танымдық міндеттерін толықтай орындайтын құралға айналуы тиіс. Мұндай бағдарламалар тек көңіл көтеру құралы емес, сонымен қатар тіл мен мәдениеттің үлгісі ретінде қызмет етіп, балалардың ана тіліне деген қызығушылығын оятуы және олардың тілдік қабілеттерін дамытуы қажет.

## **Қорытынды**

Ақпараттық технология дамыған қазіргі қоғамда телебағдарламалар балалардың дүниетанымын қалыптастыруда, таным көкжиегін кеңейтуде және тілдік дамуын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Балаларға арналған телебағдарламалар олардың тұлғалық қалыптасуына, жан-жақты дамуына және сөйлеу дағдыларының жетілуіне зор үлес қосады. Осы тұрғыда мұндай бағдарламалардың тілдік сапасы ерекше мәнге ие. Себебі, балаларға арналған бағдарламаларда кездесетін тілдік қателіктер мен нормадан ауытқулар балалардың дұрыс сөйлеу дағдыларының қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін [26, 205].

Сондықтан балаларға арналған телебағдарламалардың мазмұны мен тілі қалыптасқан тілдік нормаларға сай болуы тиіс. Жүргізілген сауалнама нәтижелері балалар тілінің даму барысын зерттеуге қажетті құнды мәліметтер берді. Аймақтық ерекшеліктер (Оңтүстік, Солтүстік және т.б.), балалардың жас ерекшеліктері, тілдік орта, ата-аналар көзқарасының әртүрлілігі сияқты факторлар балалар тілінің дамуы мен қалыптасуындағы негізгі мәселелерді ашуға мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижелері балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларындағы қиындықтарды ғана анықтап қоймай, сонымен қатар оларды түзетуге бағытталған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге негіз қалады. Жауаптарды сараптау барысында анықталған тілдік кемшіліктердің себептері талданып, телебағдарламалардағы тіл мәселелерінің басты түйткілдері айқындалды.

Қазіргі жас буын теледидар мен цифрлық медианың ықпалында өсіп келе жатқан кезеңде, тілдік нормаларды сақтау және қазақ тілінде еркін ой білдіре алатын ұрпақ қалыптастыру бағытындағы бастамаларды жетілдіру қажеттілігі айқын сезіледі. Біздің зерттеу нәтижелері теледидар қарау мен тіл дамуы арасындағы тығыз байланысты алдыңғы ғылыми еңбектердің тұжырымдарын қуаттайды. Сонымен қатар, бұл зерттеу келешекте тереңдетілген әрі кең ауқымды зерделеуді қажет ететін өзекті ғылыми жоба ретінде қарастырылуы тиіс. Болашақта осы зерттеуде анықталған мәселелер бойынша кеңейтілген эмпирикалық жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Ибраймова Л.А.** – мақаланың негізгі материалдарын жинау, сұрыптау, жүйелеу жұмыстарын жүргізді

**Молдағали Б.** – мақаланың қорытындысы мен нәтижелерін жазды

**Данаева Н.Т.** – жиналған материалдарға талдау жасап, толықтыру жұмыстарын жүргізді, хат-хабар авторының қызметтерін атқарды

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Зерттеу 2023-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН АР19679549 «Балапан» телеарнасындағы бағдарламалардың (2017-2024 жж.) әдеби тіл нормасына сәйкестігін мониторингілеудің теориясы мен тәжірибесі» ғылыми жобасы аясында орындалды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М. : Педагогика, 1934.
2. Neuman S.B. Television as a learning environment: A theory of synergy. – New York : Academic Press, 1995.
3. Anderson D. R., Evans M. K. Peril and potential of media for infants and toddlers // Zero to Three: National Center for Infants, Toddlers, and Families. – 2001. – Vol. 22. – P. 10–16.
4. Singh S. J., Azman F. N. S. M., Sharma S., Razak R. A. Malaysian Parents' Perception of How Screen Time Affects their Children's Language // Journal of Children and Media. – 2021. – Vol. 15. № 4. – P. 588–596. – DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2021.1938620>.
5. Hu B. Y., Johnson G. K., Teo T., Wu Z. Relationship Between Screen Time and Chinese Children's Cognitive and Social Development // Journal of Research in Childhood Education. – 2020. – Vol. 34, № 2. – P. 183–207. – DOI: <https://doi.org/10.1080/02568543.2019.1702600>.
6. Buckingham D. Children and Television: A Critical Study. – Cambridge: Polity Press, 1993.
7. Зинченко В. П. Психология познания. – М. : Тривола, 2002.
8. Killen M. Children and Social Exclusion: Morality, Prejudice, and Group Identity. – Cambridge : Cambridge University Press, 2013.
9. Ахметжанова З. Қазақ тілі және балалар телебағдарламалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
10. Ысқақова Б. Қазақ анимациялық фильмдерінің тілдік ерекшеліктері. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2022.

11. Gerdén U. Children's Television and Language Development. – Stockholm: Nordic Council, 2004.
12. Дүйсенова Ж. Қ., Нығметова Қ. Н. Балалар психологиясы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2012. – 104 б.
13. Сыздықова Р. С. Тіл мәдениеті және оны кодификациялау. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 56 б.
14. Vandewater E.A., Lee S.-J. Measuring Children's Media Use in the Digital Age: Issues and Challenges // American Behavioral Scientist. – 2009. – Vol. 52. – P. 1152–1176. – DOI: <https://doi.org/10.1177/0002764209331539>.
15. Vandewater E. A. Infant Word Learning from Commercially Available Video in the US // Journal of Children and Media. – 2011. – Vol. 5. – P. 248–266. – DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2011.584375>.
16. Rideout V. J. Zero to Eight: Children's Media Use in America 2013. – San Francisco: Common Sense Media, 2013.
17. Vandewater E. A., Bickham D. S., Lee J. H. Time well spent? Relating television use to children's free-time activities // Pediatrics. – 2006. – Vol. 129. – P. 997–1003. – DOI: [10.1542/peds.2005-0812](https://doi.org/10.1542/peds.2005-0812).
18. Hart B., Risley T. Meaningful Differences. – Baltimore: P.H. Brookes, 1995.
19. Zimmerman F. J., Christakis D. A., Meltzoff A. N. Television and DVD/Video Viewing in Children Younger Than 2 Years // Archives of Pediatrics & Adolescent Medicine. – 2007. – Vol. 161. – P. 473–479. – DOI: <https://doi.org/10.1001/archpedi.161.5.473>.
20. Melosik Z. Struggle of Languages for Domination in Science // Edukacja Międzykulturowa. – 2023. – № 4 (23). – P. 15–27. – DOI: <https://doi.org/10.15804/em>.
21. Коршунова Н.Г., Турова Е.А. Anglicisms in German-language Written Advertising Texts // Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков. – 2020. – № 16. – С. 142–151.
22. Fenson L., Dale P. S., Reznick J. S. Variability in early communicative development // Monographs of the Society for Research in Child Development. – 1994. – Vol. 59. – P. 174–185.
23. Сыздық Р.С. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгі, сингармонизм). – Астана: Елорда, 2000. – 527 б.
24. Jing M., Ye T., Kirkorian H. L., Mares M. Screen media exposure and young children's vocabulary learning and development: A meta-analysis // Child Development. – 2023. – Vol. 94, № 5. – P. 1398–1418. – DOI: <https://doi.org/10.1111/cdev.13927>.
25. Hu B. Y., Johnson G. Kirk, Wu H. Screen time and cognitive and social development in Chinese preschoolers: A stratified study // Early Childhood Research Quarterly. – 2021. – Vol. 56. – P. 111–123. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2021.03.003>.
26. Ибраймова Л., Рысқұлбек Д., Ертаева П. Қ. Сөздік ауытқулардың динамикасын әлеуметтанулық талдау // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2024. – № 2. – Б. 201–210. – DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.20>.
27. Тахан С. Ш., Хусаинова А.К. Медиа кеңістіктің жаһандануы жағдайында Қазақстандағы медиа сауаттылықтың даму тенденциялары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2024. – № 149 (4). – Б. 34–50. – DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-149-4-34-50>

**L.A. Ibraimova<sup>1</sup>, B. Moldagali<sup>2</sup>, N.T. Danayeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **The influence of television and gadgets on children's speech development: a social study**

**Abstract.** This article explores the impact of television on children's language development and analyzes linguistic shortcomings observed in television programs. To identify the main issues, the authors conducted a large-scale survey covering all regions of the Republic of Kazakhstan and analyzed the results comprehensively. Based on the respondents' answers, the study identified the main challenges in language development and drew conclusions based on scientific approaches. The survey addressed several aspects: the influence of the language used in children's television programs on their speech development, the level of children's proficiency in the Kazakh language, the conformity of media language with linguistic norms, common language deviations in children's speech, and the amount of screen time. The findings demonstrate the need to enhance mechanisms aimed at preserving linguistic norms and fostering a generation fluent in the Kazakh language, especially in the context of growing influence from television and internet media. A total of 622 individuals participated in the survey. The sociolinguistic analysis of the collected data made it possible to track the dynamics of lexical deviations in children's language use. The study, which covered various demographic and geographical groups, revealed how social factors – particularly television dependence – affect lexical changes in children's speech. The research confirms the critical role of parents in laying the foundation of the native (Kazakh) language and highlights the significant influence of the surrounding environment, especially television, on children's adherence to linguistic norms. The survey was conducted in Kazakh using open-ended questions, and data collection spanned three months. The article analyzes the impact of television and gadgets on children's language development and provides recommendations for implementing public initiatives in the cultural and linguistic direction.

**Keywords:** television, television program, linguistic norm, language deviation, social factors, children's language, multilingualism.

**Л.А. Ибраимова<sup>1</sup>, Б. Молдагали<sup>2</sup>, Н.Т. Данаева<sup>\*3</sup>**

<sup>1</sup>*Қазақский национальный женский педагогический университет, Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup>*Қазақский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Қазақстан*

<sup>3</sup>*Қазақский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан*

### **Влияние телевидения и гаджетов на развитие речи детей: социальное исследование**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается влияние телевидения на развитие речи детей, а также анализируются языковые недостатки, наблюдаемые в содержании телепередач. С целью выявления ключевых проблем авторы провели масштабное анкетирование, охватывающее все регионы Республики Казахстан, и осуществили комплексный анализ полученных результатов.

На основе ответов респондентов в исследовании были выявлены основные проблемы в развитии языка и сделаны выводы, основанные на научных подходах. Анкетирование включало следующие аспекты: влияние языка детских телепередач на развитие речи, уровень владения казахским языком среди детей, соответствие языка медиа нормативным лингвистическим требованиям, характерные отклонения в детской речи и количество времени, проводимого детьми перед экраном. Полученные результаты указывают на необходимость совершенствования механизмов, направленных на сохранение языковых норм и формирование личности, свободно владеющей казахским языком, особенно в условиях растущего влияния телевидения и интернет-медиа на молодое поколение. В опросе приняли участие 622 респондента. Социолингвистический анализ собранных данных позволил проследить динамику лексических отклонений в детской речи. Исследование, охватившее различные демографические и географические группы, продемонстрировало влияние социальных факторов, в частности зависимости от телевидения, на лексические изменения в языке детей. Установлена ключевая роль родителей в формировании базы родного (казахского) языка, а также существенное влияние окружающей среды, особенно телевизионного контента, на речевое развитие ребенка в рамках языковых норм. Анкетирование проводилось на казахском языке в открытом формате, сбор данных длился в течение трёх месяцев. В статье анализируется влияние телевидения и гаджетов на языковое развитие детей и даются рекомендации по реализации общественных инициатив в культурно-языковом направлении.

**Ключевые слова:** телевидение, телепередача, языковая норма, речевые отклонения, социальные факторы, детский язык, многоязычие.

## References

1. Vygotsky L.S. Myshlenie i rech' [On Thinking and Speech]. (Moscow, Pedagogy, 1934)
2. Neuman S. B. Television as a Learning Environment: A Theory of Synergy. (New York, 1995)
3. Anderson D. R., Evans M. K. Peril and potential of media for infants and toddlers // Zero to Three. 22. 10–16(2001)
4. Singh S. J., Azman F. N. S. M., Sharma S., Razak R. A. Malaysian Parents' Perception of How Screen Time Affects their Children's Language // Journal of Children and Media. 4. 588–596(2021) – DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2021.1938620>
5. Hu B.Y., Johnson G. K., Teo T., Wu Z. Relationship Between Screen Time and Chinese Children's Cognitive and Social Development // Journal of Research in Childhood Education. 2. 183–207(2020). – DOI: <https://doi.org/10.1080/02568543.2019.1702600>
6. Buckingham D. Children and Television: A Critical Study. (Cambridge, 1993).
7. Zinchenko V. P. Psikhologiya poznaniya [Psychology of Cognition]. (Moscow, 2002).
8. Killen M. Children and Social Exclusion: Morality, Prejudice, and Group Identity. (Cambridge, 2013).
9. Akhmetzhanova Z. Kazak tili zhane balalar telebagdarlamalary [Kazakh Language and Children's Television Programs]. (Almaty, 2015).
10. Yskakova B. Kazak animacijalyk fil'mderinin tildik erekshelekteri [Linguistic Features of Kazakh Animated Films]. (Almaty, 2022).
11. Gerden U. Children's Television and Language Development. (Stockholm, 2004).

12. Duisenova Zh. Q., Nyghmetova Q. N. Balalar psihologijasy [Child Psychology]. (Almaty, 2012, 104 p.)
13. Syzdykova R. S. Til madenieti zhane ony kodifikacijalau [Linguistic Norm and Its Codification]. (Almaty, 2014, 56 p.)
14. Vandewater E.A., Lee S.-J. Measuring Children's Media Use in the Digital Age: Issues and Challenges // American Behavioral Scientist. 52. 1152–1176(2009) – DOI: <https://doi.org/10.1177/0002764209331539>
15. Vandewater E. A. Infant Word Learning from Commercially Available Video in the US // Journal of Children and Media. 5. 248–266(2011). – DOI: <https://doi.org/10.1080/17482798.2011.584375>
16. Rideout V. J. Zero to Eight: Children's Media Use in America 2013. (San Francisco, 2013).
17. Vandewater E. A., Bickham D. S., Lee J. H. Time well spent? Relating television use to children's free-time activities // Pediatrics. 129. 997–1003(2006). – DOI: 10.1542/peds.2005-0812
18. Hart B., Risley T. Meaningful Differences. (Baltimore, 1995).
19. Zimmerman F. J., Christakis D. A., Meltzoff A. N. Television and DVD/Video Viewing in Children Younger Than 2 Years // Archives of Pediatrics & Adolescent Medicine. 161. 473–479(2007). – DOI: <https://doi.org/10.1001/archpedi.161.5.473>
20. Melosik Z. Struggle of Languages for Domination in Science // Edukacja Miedzykulturowa. 4(23). 15–27(2023). – DOI: <https://doi.org/10.15804/em>
21. Korshunova N.G., Turova E.A. Anglicisms in German-language Written Advertising Texts // Problemy romano-germanskoj filologii, pedagogiki i metodiki prepodavanija inostrannyh jazykov [Anglicisms in German-language Written Advertising Texts // Problems of Romance-Germanic Philology, Pedagogy, and Methods of Teaching Foreign Languages]. 16. 142–151(2020).
22. Fenson L., Dale P. S., Reznick J. S., Bates E., Thal D. J., Pethick S. J., Stiles J. Variability in Early Communicative Development // Monographs of the Society for Research in Child Development. 59. 174–185(1994).
23. Syzdyk R. S. Qazaq tilinin anyqtaghysy. Emile, tinys belgisi. [Kazakh language identifier. Spelling, Punctuation, Prosody]. (Astana, 2000. – 527 p.)
24. Jing M., Ye T., Kirkorian H. L., & Mares M. Screen media exposure and young children's vocabulary learning and development: A meta-analysis. Child Development. 94(5). 1398–1418(2023). – DOI: <https://doi.org/10.1111/cdev.13927>
25. Hu B. Y., Kirk Johnson G., & Wu H. Screen time and cognitive and social development in Chinese preschoolers: A stratified study. Early Childhood Research Quarterly. 56. 111–123(2021). – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2021.03.003>
26. Ibraimova L., Rysqulbek D., Ertaeva P. Q. Sozdik auytkulardyn dinamikasyn aleumettanulyk taldau // Eurazija gumanitarlyk institutynyń habarshysy [Sociolinguistic Analysis of the Dynamics of Lexical Deviations in Child Language // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute]. 2. 201–210(2024) – DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.20>
27. Takhan S. Sh., Khussainova A. K. Media kenistiktin zhahandanuy zhagdaiynda Qazaqstandagy media sauattylyqtyn damu tendensyalary // L. N. Gumilev atyndagy Eurazya ulttyq universitetinin Khabarshysy. [Trends in the development of media literacy in Kazakhstan in the context of globalization of the media space // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University]. 149(4). 34–50(2024). –DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-149-4-34-50>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Данаева Н.Т.** – хат-хабар авторы, доктор PhD, аға оқытушы, журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғ., 71, 050040, Алматы, Қазақстан

**Молдағали Б.** – доктор PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, 050010, Алматы, Қазақстан

**Ибраймова Л.Ә.** – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Әйтеке би көш., 99, 050000, Алматы, Қазақстан

**Danayeva N.T.** – corresponding author, PhD, senior lecturer, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi ave., 050040, Almaty, Kazakhstan

**Moldagali B.** – PhD, associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk ave., 050010, Almaty, Kazakhstan

**Ibraimova L.A.** – PhD, associate professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, 99 Aiteke bi str., 050000, Almaty, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).